

1-ші тізбектелген сабағы 14.02.2022ж математика пәнінен:

Тақырыбы:Өткенді бекіту.

Бөлім бойынша: «Денсаулықты қалай күтуге болады». Осы сабақ барысында Қалмұратова Жібек,Қалдыбекова Әсел, Ибракова Жанат А,В,С деңгейіндегі оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекеттерін 3 мұғалім зерттеп шықты. Сабақ барысында бірінші үй тапсырмасын 4 тің көбейту кестесін «Баспалдақ» әдісі бойынша сұрады



Сабақ сәтті өтті. С деңгейдегі оқушының ұяңдығын ашатын осы ойын түрткі болды,алға қарай ілгерілеуге жетеледі. сабаққа деген қызғушылығы мен топ арасында көшбасшылық қабілетін А деңгейіндегі оқушы көрсете білді .В деңгейіндегі оқушы бастапқыда сұрақтарға онша араласпады, кейіннен оның белсенділік қабілеті арта түсіті.

Жаңа сабақ тақтамен жұыс болды, бөлім денсаулық жайлы болғандықтан «Карточка» арқылы есеп шығарып әрі карточканың артындағы денсаулыққа пайдалы тағамдарды ой санасына қалыптастырды.



Сабақ осылай қызықты тартысты өтті.Қорытынды бөлімінде «Сұрақ жауап» арқылы сұрақтар қойылды, белсене қатысқан оқушыларды тәтті конфеттер арқылы ынталандырды



Сабақтың соңында балалар «Кері байланыс» жасады



Яғни, сыни тұрғыда ойлау қабілетінің жоғары екендігін аңғарта түсті, В деңгейдегі оқушы - «Еш нәрсені өзгертпей осы сабақты қайта өтілгенінін қалаймын, маған өте қызықты болды»- деп жауап берді . С деңгейдегі оқушым – «Сабақ ұнады, бірақ мен бұл сабақта өзімді көрсете алмадым.»- деген тұжырым жасады. Келесі сабақта белсендірек болатынын айтып өтті.

2-тізбектелген сабақ математика пәнінен 15.02.2022ж
Тақырыбы: 5 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыру

Жаңа сабақ тақтамен жұмыс болды, 5 санына көбейту, бөлу жайлы түсіндіріп өтті.

Екінші әдіс бойынша Жұппен жұмыс «Кубик» ойыны онда кубикке 5 санын көбейту есеп берілген, кубикті лақтырған бойда қандай есеп түссе соны жылдам тақтаға жазу



А оқушысы – жұбымен ынтымақтаса жұмыс жасаса, В оқушысында белсенділік пайда болып, қолын көтеріп сабаққа қызыға қатыса бастағанын байқадық. Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастады. Бұл ойын АВС деңгейіндегі оқушы белсене қатысты. Бұл әдісті өзімізге мақсат етіп алып қойдық.

Келесі әдіс топпен жұмыс. Бөлім денсаулық жайлы болғандықтан 3- топқа бөлінді «Баскетболшы» «Фудболшы» «Тенисші» бұл жерде әр түрлі екі таңбалы сандар беріледі 5 ке бөлінетін сандарды теріп алып ыдысқа жинау.



.Балалар топта белсенді болып өз топтырын алып шықты. Топта бір - бірін «Басбармақ» әдісі бойынша бағалады

Сабақтың соңында ұяшықтағы сұрақтар арқылы қорытындылады
«Кері байланыс» жасады.



3-ші тізбектелген сабақта: 16.02.2022ж.

Тақырыбы: 2-5 сандарына көбейту және бөлу кестесін бекіту»
Сабақты бастамас бұрын бір –біріне жылулық атмосферасын құрып, сәттілік тіледі.



Жаңа сабақ тақтамен жұмыс болды, жаңа сабақ түсіндірілді



Бұл сабақтан бүкіл сынып бойынша әр деңгейге сәйкес келетін оқушыларды түгелімен бақылауға алынды, олардың іс –әрекетін бақылауды алға мақсат етіп қойылды.

Кезекті әдіс бойынша «Киндер сюрприз» сұраққа жауап береді



Нәтижеде А , В деңгейіндегі оқушылар жақсы жауап беріп С деңгейіндегі оқушылар сәл жаңылысты, келесі сабақта балаға ыңғайлы әдіс таңдау қажеттігін білдік.

Сабақ соңында оқушылар өзін-өзі бағалау әдісі бойынша бағалады.»Кері байланыс» жасады.



4-ші тізбектелген сабақ математика 17.02.2022ж

Бөлім: Салт –дәстүр және фольклор

Тақырыбы: Теңге. Монета және қағаз ақша

Сабақтың басы тақтамен жұмыс көрнекіліктер арқылы болды

500 т монетаға бөлуді, 1000 т монетаға бөлуді

200т монетаға бөлуді . тсс



Кезекті әдіс: Теңге ілу әдісі Қағазға жазылған есептерді шығару, оны мыжып мыжып жерге тастап қойды, бала қалағанын іліп алып сұраққа жауап береді. Бұл әдіс балаға өте қолайлы болды ABC тобындағы бала қызығып жауап беруге тырысты.



Кезекті әдіс топпен жұмыс болды. Топты Қобыз Домбыра деп екі топқа бөліп алдық. Әр топқа есептер берілді кім жылдам шығару



Сабақтың соңында оқушыларды балдық жүйе бойынша бағалады. «Кері байланыс» жасады.



Жалпы, осы төрт сабақты қорытындыласақ, сабақтардан байқағанымыз оқушыға жай ғана есепті беріп қана қоймай, басқада дағдыларды қалыптастыратын әдістерді таңдай білу қажеттігін түсіндік. «Әр бала – жұлдыз» – демекші әр оқушыға өз деңгейінде білім қалыптастыру үшін бір циклмен шектелмей, келесі циклдарды ұйымдастыру қажеттігін түсіндік.